**Панфилов ауданы бойынша мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын, ата-ана төлемақысының мөлшерін бекіту туралы**

***Күшін жойған***

Алматы облысы Панфилов ауданы әкімдігінің 2018 жылғы 16 қаңтардағы № 14 қаулысы. Алматы облысы Әділет департаментінде 2018 жылы 29 қаңтарда № 4514 болып тіркелді. Күші жойылды - Алматы облысы Панфилов ауданы әкімдігінің 2018 жылғы 24 желтоқсандағы № 630 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Алматы облысы Панфилов ауданы әкімдігінің 24.12.2018 № 630 қаулысымен (алғашкы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

"Білім туралы" 2007 жылғы 27 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 6-бабының 4-тармағының 8-1) тармақшасына сәйкес, Панфилов ауданының әкімдігі КАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Панфилов ауданы бойынша мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысы, ата-ананың төлемақысының мөлшері осы қаулының қосымшасына сәйкес бекітілсін.

2. Панфилов ауданы әкімдігінің "Панфилов ауданы бойынша мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын, жан басына шаққандағы қаржыландыру және ата-ананың ақы төлеу мөлшерін бекіту туралы" 2015 жылғы 3 тамыздағы № 699 (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3386 тіркелген, 2015 жылдың 2 қазанында аудандық "Жаркент өңірі" газетінде жарияланған) қаулысының күші жойылды деп танылсын.

3. "Панфилов ауданының білім бөлімі" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы қаулының Алматы облысы Әділет департаментінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы қаулы мемлекеттік тіркелген күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның қазақ және орыс тілдеріндегі қағаз және электронды түрдегі көшірмелерін Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне енгізу және ресми жариялау үшін "Республикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқықындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорына жіберілуін;

3) осы қаулыны мемлекеттік тіргелген күнінен кейін күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмелерін ресми жариялауға Панфилов ауданы аумағында таратылатын мерзімді баспа басылымдарға жолдауын;

4) осы қаулыны Панфилов ауданы әкімдігінің интернет-ресурсында оның ресми жарияланғаннан кейін орналастыруын;

5) осы қаулы мемлекттік тіркелген күннен кейін он жұмыс күні ішінде Панфилов ауданы әкімі аппаратының мемлекеттік-құқықтық бөліміне осы тармақтың 1), 2), 3) және 4) тармақшаларында қарастырылған іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау Панфилов ауданы әкімінің орынбасары Мағрупова Роза Азаматовнаға жүктелсін.

5. Осы қаулы әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және алғашкы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Панфилов ауданының әкімі* *Т. Бектасов*

Панфилов ауданы әкімдігінің 2018 жылғы
"16" қаңтардағы № 14 қаулысына қосымша

## Панфилов ауданы бойынша мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысы мен ата-ана төлемақысының мөлшері

| № | Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту ұйымдарыныңатауы | Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту ұйымдарындағы тәрбиеленушілердің саны | Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту ұйымдарындағыата-ананың бір айдағы ақы төлеу мөлшері (теңге) | |
|---|---|---|---|---|
| | | | 3 жасқа дейінге | 3-7 жас аралығы |
| 1 | Панфилов ауданының әкімдігінің "Қызғалдақ" балабақшасы" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны | 100 | - | 7000,00 |
| 2 | Панфилов ауданының әкімдігінің "Балдырған" балабақшасы" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны | 140 | | 9000,00 |
| 3 | Панфилов ауданының әкімдігінің "Айгөлек" балабақшасы" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны | 75 | - | 8000,00 |
| 4 | Панфилов ауданының әкімдігінің "Таншолпан" балабақшасы" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорын | 240 | - | 12000,00 |
| 5 | Панфилов ауданының әкімдігінің "Бобек" балабақшасы" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорын | 60 | - | 8000,00 |
| | | | | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 6 | Панфилов ауданының әкімдігінің "Шугыла" балабақшасы" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны | 120 | - | 10000,00 |
| 7 | Панфилов ауданы әкімдігінің "Арай" балабақшасы" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны | 240 | - | 10000,00 |
| 8 | Панфилов ауданының әкімдігінің "Шамшырақ" балабақшасы" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны | 100 | - | 8000,00 |
| 9 | Панфилов ауданының әкімдігінің "Балауса" балабақшасы мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны | 100 | - | 8000,00 |
| 10 | Панфилов ауданының білім бөлімі мемлекеттік мекемесінің "Ертөстік" балабақшасы мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны | 120 | - | 7000,00 |
| 11 | "Бота" балабақшасы" білім мекемесі | 75 | - | 8000,00 |
| 12 | Жеке меншік "Алибек" балабақшасыбілім мекемесі | 50 | - | 8000,00 |
| 13 | "Балбөбек" балабақшасы" білім мекемесі | 25 | - | 12000,00 |
| 14 | "Ханшайым" балабақшасы білім мекемесі | 25 | - | 12000,00 |
| 15 | "Шынғыс" балабақшасы білім мекемесі | 50 | - | 12000,00 |
| 16 | "Амирхан" балабақшасы жеке меншік білім мекемесі | 50 | - | 12000,00 |
| 17 | "Ақ-жүрек" балабақшасы" жеке меншік білім мекемесі | 25 | - | 7000,00 |
| 18 | "Айнур" балабақшасы білім мекемесі | 50 | - | 12000,00 |
| 19 | "Болашак" балабақшасы білім мекемесі | 50 | - | 12000,00 |
| 20 | "Айсұлтан" балабақшасы" жеке меншік білім мекемесі | 75 | - | 8000,00 |
| 21 | "Алтын сақа" балабақшасы" білім мекемесі | 125 | - | 8000,00 |
| 22 | "Марат" "Балабақшасы" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі бала бақшасы | 65 | - | 12000,00 |
| 23 | "Нұршашу" балабақшасы" білім мекемесі | 25 | - | 12000,00 |
| 24 | "Мирас" балабақшасы" білім мекемесі | 75 | - | 12000,00 |
| 25 | "Алтын ұя" балабақшасы" білім мекемесі | 200 | - | 12000,00 |
| 26 | "Тумарханым" балабақшасы" білім мекемесі | 75 | - | 8000,00 |
| 27 | "Балдаурен" балабақшасы" білім мекмесі | 25 | - | 12000,00 |
| 28 | "Аружан" балабақшасы білім мекемесі | 50 | - | 8000,00 |
| 29 | "Панфилов ауданының білім бөлімі"мемлекеттік мекемесінің "Головацкий атындағы орта мектеп мектепке дейінгі шағын орталығымен" коммуналдық мемлекеттік мекемесі | 100 | - | 8000,00 |
| 30 | "Панфилов ауданының білім бөлімі" мемлекеттік мекемесінің "Жамбыл атындағы орта мектеп мектепке дейінгі шағын орталығымен" коммуналдық мемлекеттік мекемесі | 25 | - | 7000,00 |
| | | | | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 31 | "Панфилов ауданының білім бөлімі" мемлекеттік мекемесінің "Билал Назым атындағы орта мектеп мектепке дейінгі шағын орталығымен" коммуналдық мемлекеттік мекемесі | 25 | - | 8000,00 |
| 32 | "Панфилов ауданының білім бөлімі" мемлекеттік мекемесінің "Д.Рақышұлы атындағы орта мектеп мектепке дейінгі шағын орталығымен" коммуналдық мемлекеттік мекемесі | 25 | - | 7000,00 |
| 33 | "Панфилов ауданының білім бөлімі" "Ш.Аманбайұлы атындағы орта мектеп мектепке дейінгі шағын орталығымен" коммуналдық мемлекеттік мекемесі | 25 | - | 7000,00 |
| 34 | "Қорғас орта мектебі мектепке дейінгі шағын орталығымен" коммуналдық мемлекеттік мекемесі | 75 | - | 8000,00 |

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК